



Келісемін: *[Signature]*

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Сергазы Ж

## Тәрбие құндылықтарына арналған жылдық жоспары

**Мектеп атауы:** «Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Оқу жылы:** 2023-2024 оқу жылы

**Сынып жетекшісі:** Хуат А.

**Сыныбы:** 4 «А»

## БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

**Тәрбие мен оқыту** өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

## **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық құндылықтар:** Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді- Елінің тарихын құрметтейді- Ұлттық мирасы, мәдениетті дәріптейді- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;- Адал еңбекті құрметтеу;- Сөзіне берік, ісіне адал болу;- Халқына адал қызмет ету- Әдеп нормаларын ұстану;

- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды;- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**- Сыни және креативті ойлау;- Жеке және командамен жұмыс істей білу;- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;- Физикалық белсенді болу;- Салауатты өмір салтын ұстану;- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;-

**Күтілетін нәтижесі:**- Жан мен тән тазалығын сақтайды;- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;- Қоршаған орта тазалығын сақтайды; - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

**4 «А» сыныбы БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

№	Іс- шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқтау нысаны
<b>Қыркүйек айы</b>				
1	Ұлттық мүдде тәрбие бойынша «Мектеп– мейірбандық мекені»	1.09	Сынып жетекші	Тәрбие сағаты
2	Ұлттық мүдде тәрбие бойынша «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»	8.09	Сынып жетекші	Видеоролик, слайд көрсетілім
3	Талап мүдде тәрбие бойынша Балалар жаракатының алдын алу бойынша «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы бойынша «Мектептегі тәртіп ережелері» ЖЖЕ	15.09	Сынып жетекші	Сынып сағаты
4	Ұлттық тәрбиесі құндылықтары бойынша Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл «Алтайдың асыл жыршысы Оралхан Бөкей»	22.09	Сынып жетекші	Сынып сағаты Кітапханашымен бірге
5	«Ар-Ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Отбасым-бақыт мекенім»	29.09	Сынып жетекші	Сынып сағаты
<b>Қазан айы</b>				
6	Ұлттық тәрбиесі құндылықтары бойынша «Қарттарым асыл қазынам»	6.10	Сынып жетекші	Тәрбие сағаты
7	Талап мүдде тәрбие бойынша «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері».ЖЖЕ	13.10	Сынып жетекші	Әңгіме

	Ұлттық тәрбиесі құндылықтары бойынша Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл <b>«Қазақ жазушысы Спандияр Көбеев»</b>	20.10	Сынып жетекші	Сынып сағаты
9	Ұлттық мүдде тәрбие бойынша Ұлттық мәдениетті дәріптеу <b>«Елінің тарихын құрметтейді»</b> тақырыбында 25 қазан - Қазақстан Республикасы күніне орай іс-шара	27.10	Сынып жетекші	Видеоролик, слайд көрсетілім
<b>Қараша айы</b>				
10	Ұлттық мүдде тәрбиесі құндылықтары бойынша <b>«Бала құқығы туралы не білеміз?»/</b> «Бағдаршам» ЖЖЕ	10.11	Сынып жетекші	Әңгіме
11	Ұлттық мүдде тәрбиесі құндылықтары бойынша <i>15 қараша - Ұлттық валюта күні</i> <b>«Ұлттық валюта-нарық талабы»</b>	17.11	Сынып жетекші	Слайд көрсетілім
12	Талап тәрбиесі құндылықтары бойынша «СПИД-пен күрес күні», 21-қараша- Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні» <b>«Біз туберкулезді жеңе аламыз!»</b>	24.11	Сынып жетекші	Медбикемен кездесу
<b>Желтоқсан айы</b>				
13	<b>«Ата-аналарға арналған академия»</b> ұлттық жобасы аясында <b>«Үштік одақ»</b> жобасы бойынша ата-аналар үшін ашық есік күні өткізіледі  Ар -ұят тәрбиесі құндылықтары бойынша <b>«Тәрбие басы тал бесік»</b>	01.12	Сынып жетекші	Сынып сағаты

	Талап тәрбиесі құндылықтары бойынша <i>Тәуелсіздіктің 32 жылдығы «Елімнің тұңғыш ПРЕЗИДЕНТІ»</i> Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар. ЖЖЕ	8.12	Сынып жетекші	Сынып сағаты Слайд көрсетілім
15	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»	15.12	Сынып жетекші	Тәрбие сағаты
16	Талап тәрбиесі құндылықтары бойынша Ертеңгіліктер «Қош келдің, Жаңа -2024 жыл»	22.12	Сынып жетекші	Тәрбие сағаты
<b>Қаңтар айы</b>				
17	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Туған өлке ақындарының шығармалары, <b>Ерейментау өңірінде туған ақын-жазушылар</b>	12.01	Сынып жетекші	Сынып сағаты
18	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Буллинг деген жау»	19.01	Сынып жетекші	Сынып сағаты
19	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Отбасылық таланттар»	26.01	Сынып жетекші	Әңгіме
<b>Ақпан айы</b>				
20	«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»	2.02	Сынып жетекші	Сайыс сабақ
21	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	9.02	Сынып жетекші	Сынып сағаты

	«Ар-Ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Мектептегі мінез құлық ережелері» ЖЖЕ	16.02	Сынып жетекші	Сынып сағаты
23	«Тогыз ай – 9 іс-шара» «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде: Оқуға құштар мектеп ЧЕЛЛЕНДЖІ	23.02	Сынып жетекші	Челленджи түсіру
<b>Наурыз айы</b>				
24	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Мың алғыс, ...» Темір жол өтпелері. ЖЖЕ	1.03	Сынып жетекші	Сынып сағаты
25	«Ар-Ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Аяулы - АНАШЫМ!!!»	8.03//7.03	Сынып жетекші	Тәрбие сағаты
26	Домбырашылар ЧЕЛЛЕНДЖІ	15.03	Сынып жетекші	Ата-аналармен челленджи
<b>Сәуір айы</b>				
27	«Ар-Ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Достық – көмекпен мықты»	5.04	Сынып жетекші	Сынып сағаты
28	«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Қоқысты қайта өңдеу процесі»	12.04	Сынып жетекші	Отбасылық сайыс
29	«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Тағдырынның кілті – өз қолыңда!»	19.04	Сынып жетекші	Сынып сағаты

30	Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне іс-шаралар «Бірлігіміз жарасқан!!!» Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.ЖЖЕ	26.04	Сынып жетекші	Тәрбие сағаты
<b>Мамыр айы</b>				
31	«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»	3.05	Сынып жетекші	Сынып сағаты
32	«Ар -ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша Халықаралық отбасы күні «Отбасы құндылығы-отбасы жылуы»	10.05	Сынып жетекші	Видео түсіру отбасы сайысы
33	«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Менің гүлзарым»	17.05	Сынып жетекші	Сынып сағаты
34	«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Ұстазға алғыс»	24.05	Сынып жетекші	Сынып сағаты